## Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 155 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.02.2014 № 155 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Өнімді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Тау-кен, пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

4) «Уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

5) «Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

6) «Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

7) «Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнаулы құралдарды жою (жою, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

8) «Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

9) «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

10) «Химиялық өнімдерді тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты;

11) «Бағалы металдармен, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтаманы беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

12) «Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

13) «Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 431 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 33, 406-құжат) мынадай өзгерістер:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Кепілдік міндеттемені (түпкі пайдаланушының сертификатын) беру» мемлекеттік қызмет стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кепілдік міндеттемені (түпкі пайдаланушының сертификатын) беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа

технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитетімен (бұдан әрі – Өнеркәсіп комитеті) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет мынадай мекенжай бойынша көрсетіледі: Астана қаласы , Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Өнеркәсіп комитетінде құжаттарды қабылдау Өнеркәсіп комитетінің кеңсесінде поштамен жөнелту не кеңсеге тапсыру жолымен мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 ( 7172) 29-90-00.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым Өнеркәсіп комитеті төрағасының атына беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Шағымды қабылдау кезінде тұтынушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1711 кабинет, тел: 8 (7172 ) 29-90-73, 24-14-07.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Экспорттық бақылауға жататын өнімге тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, қызметтерді, ақпаратты жатқызу туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Экспорттық бақылауға жататын өнімге тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, қызметтерді, ақпаратты жатқызу туралы қорытындыны беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Өнеркәсіп комитеті) жүзеге асырылады.
Мемлекеттік қызмет мына мекенжай бойынша көрсетіледі: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07.»
13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«13. Өнеркәсіп комитетінде құжаттарды қабылдау Өнеркәсіп комитетінің кеңсесінде поштамен жөнелту не кеңсеге тапсыру жолымен мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіреберіс, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07.»
20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«20. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 ( 7172) 29-90-00.
Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.»;
21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«21. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым Өнеркәсіп комитеті төрағасының атына беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.
Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.»;
24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«24. Шағымды қабылдау кезінде тұтынушыға тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.
Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі » туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.
Берілген шағымға жауапты не шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1711 кабинет, тел: 8 (7172

) 29-90-73, 24-14-07.»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 31 тамыздағы
№ 1130 қаулысымен
бекітілген

## «Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беруді (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет мына мекенжай бойынша көрсетіледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07, факс: 24-47-94.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 9) тармақшасының, «Өнімнің транзитіне рұқсат беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 130 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар, сондай-ақ олардың үлгілері туралы толық ақпарат Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz орналасқан.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі - өнімнің транзитіне рұқсат беру не қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қағаз жеткізгіште беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – алушыларға) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Қағаз жеткізгіштегі құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

Жүгінген күні алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызметті Комитет көрсетеді, Комитеттің белгіленген жұмыс кестесіне сай, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, қабылдау күн сайын жүзеге асырылады, құжаттарды қабылдауды 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін кеңсе жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

10. Мемлекеттік қызмет Комитеттің ғимаратында көрсетіледі, ғимаратқа кіру № 1 жеке кіру арқылы жүзеге асырылады, онда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін күтуге жайлы жағдай жасалған күту және қажетті құжаттарды дайындау орындары көзделген, оларда толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Өнімнің транзитіне рұқсат алу үшін алушы мынадай құжаттарды береді:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;

2) заңды тұлға үшін – өтініш берушіні заңды тұлға ретінде тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама, дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) экспорттаушы елдің Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі Комитет берген, өнімді әкетуге рұқсатының бар болуы туралы құжат;

4) мемлекеттің заңнамасына сәйкес өтінім берушінің өнімнің транзитімен байланысты қызметті жүзеге асыруға құқығын растайтын құжат;

5) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭҚ ТН) және «Экспорттық бақылауға жататын өнімнің (тізімін) номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысымен бекітілген бақылау тізімі бойынша кодтарды көрсете отырып, өнімнің номенклатурасы мен көлемін (заттай және құндық мәндегі) қоса берумен өнімді жеткізуге арналған келісімшарт;

6) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру полисі;

7) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсаттарының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік актілерін бұзу анықталған жағдайда өтінім беруші тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру өткізумен, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтаумен, кері тасымалдаумен, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті әрекеттерімен байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды заңнаманың талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспорт мемлекетіне жүкті қайтару қажеттігімен байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын құжат;

8) өтініш берушінің транзитпен алып өтілетін өнімді физикалық қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуін растайтын құжат және физикалық қорғауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруға құқығын растайтын құжат;

9) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, өнімнің жүк жөнелтушінің осы жүкті қайтадан қабылдауға келісімін растайтын құжат;

10) мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация саласында Комитетпен қозғалыс бағыттарын, кіру және шығу шекаралық пункттерін, көлік түрін келісілгенін растайтын құжат.

2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тілге ресми аудармасымен, сондай-ақ 7) және 9) тармақшаларды қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелерде беріледі.

Егер шетел мемлекетінің мемлекеттік органы өтінім беруші болып әрекет еткен жағдайда:

осы стандарттың 11-тармағының 2), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

осы стандарттың 11-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген келісім-шарт

болмаған кезде өнімді жеткізу қажеттілігін негіздейтін өзге де құжаттар ұсынылады.

Осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар консулдық ресмилендірілгені немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қою туралы талаптарды сақтай отырып беріледі.

Өнеркәсіп комитеті алушының құжаттарын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде берілген құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі белгіленген жағдайда, Комитет өтінішті одан әрі қарастырудан жазбаша дәлелді бас тартуды көрсетілген мерзімдерде береді. Келешекте Комитеттің осы негіздеме бойынша мемлекеттік қызметті беруден бас тартуға құқысы жоқ.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініштер нысаны 1-қосымшаға сәйкес Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz орналасқан.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды қабылдау Өнеркәсіп комитетінің кеңсесі арқылы жазбаша түрде мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-73, 24-14-07, факс: 24-47-94.

14. Қағаз түріндегі өтінішті қабылдауды оның көшірмесінде тіркелген күні мен нөмірін көрсете отырып, Комитеттің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі растайды.

15. Өнімнің транзитіне рұқсат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту қағаз түрінде беріледі.

16. Өнімнің транзитіне:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакеті ұсынылмаған немесе өтініш дұрыс толтырылмаған;

2) рұқсат алу үшін өтінім беруші көрсеткен мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;

3) мемлекеттік органдардың бірі келісуден бас тартқан;

4) егер баратын елге немесе жөнелтуші елге Қазақстан Республикасының, халықаралық ұйымдардың және оларға қатысты Қазақстан Республикасы осы салада оларды сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдаған жекелеген мемлекеттердің санкциялары салынған жағдайларда рұқсат беруден бас тартылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:
1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен еркіндігін сақтау ;
2) қызметтік борышты орындауда заңдылықты сақтау;
3) сыпайылық;
4) барынша толық ақпарат беру;
5) ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;
6) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Комитет жұмысының нәтижесі осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Комитет қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі № 1704 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-07-45 түсіндіріледі.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы , 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-00 беріледі.
Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.
22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетпеуіне шағымды алушылар мына мекенжай бойынша өтініш жолымен Комитетке жібереді: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.
23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен алушы келіспеген жағдайларда заңнамамен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.
24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін

субъектіге немесе лауазымды тұлғаның атына жазылуы тиіс.
Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (құжаттарда жеке басын куәландыратын бар болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды берген кезде субъектінің атауы немесе кімнің әрекетіне шағым жасалса, соның лауазымы, тегі және лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.
25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Алушыға тіркелген күні мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Алушыға шағымды қарау нәтижелері жазбаша түрде поштамен хабарланады.
26. Алушылар үшін басқа пайдалы ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73, Комитеттің интернет-ресурсы: www.comprom.kz.

«Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
1-қосымша

## Өнімнің транзитіне рұқсат беруге арналған өтініш

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Рұқсат № | | | |
| 2. Өтініш беруші (заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы, телефоны) | | | |
| 3. Жүк жөнелтуші (заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы, телефоны) | | 6. Жүк жөнелтушінің елі | |
| 4. Жүк алушы (заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы, телефоны) | | 7. Баратын елі | |
| 5. Өтініш берушінің елі | | 8. Қолданылу мерзімі ұзартылуы | |
| 9. Қазақстан Республикасының кеден органы: әкелу әкету | | 10. Көлік түрі | |
| | | 11. Төлем валютасы | |
| 12. Тауардың атауы және толық сипаттамасы | 13. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды | 15. Өлшем бірлігі | 17. Жалпы құны (мың): төлем валютасымен, теңгемен, доллармен (USD) |
| | 14. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды | 16. Саны | |
| 18. Рұқсат сұрау үшін негіз (келісім-шарттың, шарттың №, оған қол қойылған күні) | | 19. Келісілді | |
| | | | |

| | |
|---|---|
| 20. Өтініш беруші ұйымнан (Т.А.Ә., лауазымы, қолы, МО, күні) | 21. Уәкілетті орган Өтініш 200 ж. " " қарауға қабылданды |
| 22. Сақтандыру полистерінің нөмірлері, сақтандыру компаниясының атауы | |
| 23. Рұқсаттың ерекше шарттары | |

«Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік қызметінің стандартына 2-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы ( үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы ( үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы ( үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2011 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

## «Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 1. Жалпы ережелер

1. «Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, 1-қабат, № 1 кіреберіс, тел: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс: 24-47-94 мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) немесе баламалы негізде мекенжайлары осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталықтар) арқылы не «электронды үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - Портал) көрсетеді.

Шалғай елді мекендердің халқына мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызмет мобильдік орталықтар арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 11) тармақшасы, « Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 карашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 және 15-2-баптары, «Өнімді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 70 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп комитетінің интернет-ресурсында: www.comprom.kz;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында: www.mint.gov.kz;

3) уәкілетті органның немесе Орталықтың ғимараттарында стенділерде және ақпараттық тақталарда;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – « Орталық» РМК) интернет-ресурсында: www.con.gov.kz;

5) Порталда;

6) call–орталықта: (1414) орналасады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы қағаз тасығышта немесе уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электронды құжат нысанындағы дәлелді жауабы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері – он бес жұмыс күні;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушы өтініш берген күні күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

4) Орталықта қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

5) уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталуға бір күн қалғанда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Орталыққа береді;

6) уәкілетті орган белгіленген мерзімде өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат бермеген не беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру мерзімі өткен сәттен бастап ол берілді деп есептеледі және уәкілетті орган бес жұмыс күнінен кешіктірмей өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат береді.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Қабылдау кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет

көрсетусіз жүзеге асырылады;

2) орталықтарда - жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін үзіліссіз, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбіні қоса алғанда күн сайын.

Қабылдау электронды кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Мобильдік орталықтар құжаттарды қабылдауды Орталық бекіткен кестеге сәйкес, бірақ бір елді мекенде кемінде алты жұмыс сағаты бойы жүзеге асырады;

3) Порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қолжетімділігі үшін жағдайлар (пандустар) қарастырылған уәкілетті органның немесе Орталықтың ғимаратында;

2) Порталда – жеке кабинетте көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды тапсырады:

уәкілетті органға немесе Орталыққа:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес рұқсат алуға белгіленген үлгідегі өтініш (Орталыққа берген кезде – сканерленеді және Орталық қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттың электронды көшірмесі нысанында жіберіледі);

2) заңды тұлға үшін – өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

5) өтініш берушіні салық органында есепке қою туралы куәлік;

6) салыстыра тексеру үшін түпнұсқаны бере отырып, өнімді қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

7) «Тауарларды кедендік аумақта/аумақтан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны беру , оған өзгерістер немесе толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны кері қайтарып алу ( жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 73 қаулысына сәйкес салыстыра тексеру үшін түпнұсқаларды бере отырып, тиісті құзыретті уәкілетті органның тауарларды кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу туралы құжаттың көшірмесі. Егер өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса, көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді;

8) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алу үшін құжат туралы мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттардың, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, өтініш берушіні салық органында есепке қою туралы куәліктің мәліметтерін, уәкілетті орган Портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында Орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Порталда:

1) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат нысанында осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алуға белгіленген нысандағы өтініш;

2) құжаттың электрондық көшірмесі түрінде өнімді қайта өңдеуге шарт ( келісімшарт);

3) «Тауарларды кедендік аумақта/аумақтан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны беру , оған өзгерістер немесе толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны кері қайтарып алу ( жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 73 қаулысына сәйкес салыстыра тексеру үшін түпнұсқаларды бере отырып, тиісті құзыретті уәкілетті органның тауарларды кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу туралы құжаттың көшірмесі. Егер өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса, көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді;

4) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат нысанында осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алу үшін құжат туралы мәліметтер нысаны.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын

құжаттардың, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, өтініш берушіні салық органында есепке қою туралы куәліктің мәліметтерін, уәкілетті орган Портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында Орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оны алу үшін қажетті құжаттар туралы ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері: www.comprom.kz интернет-ресурсында немесе Орталықтың: www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналасады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды құжат нысанында сұрау толтырылады.

13. Уәкілетті органда құжаттарды қабылдауды кеңсе: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1-қабат, № 1 кіреберіс, тел: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс 24-47-94 мекенжайы бойынша жүзеге асырады.

Орталықтарда құжаттарды қабылдау «тосқауылсыз» қызмет көрсету арқылы операциялық залда жүзеге асырылады.

Веб-порталға жүгінген кезде электронды сұрауды жіберу мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінен» автоматты түрде жүзеге асырылады. Сұрау таңдалған қызметке сәйкес адресат мемлекеттік органға автоматты түрде жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсырғанда мемлекеттік қызметті алушыға:

1) уәкілетті органға немесе Орталыққа жүгінген кезде:

құжатты қабылдаған күні мен нөмірі;

сұралған мемлекеттік қызмет түрі;

қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

мемлекеттік қызметті алу күні (уақыты) және құжаттарды беру орны;

құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) немесе атауы (заңды тұлғалар үшін), мемлекеттік қызметті алушының байланыс деректері көрсетілген, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

2) Портал арқылы жүгінген кезде «жеке кабинетке» мемлекеттік қызмет нәтижелерін мемлекеттік қызметті алушының алу уақыты мен күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті алушы жеке келуі немесе сенімхат бойынша өкілі арқылы не мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинеті порталында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қабылдайды.

Орталықта қолхаттың негізінде, онда көрсетілген мерзімде Орталық қызметкері мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді күн сайын «терезелер» арқылы жүзеге асырады.

Егер мемлекеттік қызметті алушы қызметтің нәтижелеріне көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда Орталық олардың бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды уәкілетті органға өткізеді.

16. Егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен өтініш берушілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі бар болған;

3) өтініш беруші мәліметтер нысанында дұрыс емес және (немесе) толық емес ақпарат ұсынған;

4) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабымен көзделген негіздер бар болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі белгіленген жағдайда Комитет өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды белгіленген мерзімдерде береді. Келешекте уәкілетті орган осы негіздеме бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) алушылармен жұмыс жасау кезіндегі сыпайылық;

4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;

5) өтініштерді қарау кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;

6) алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

7) алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі жұмыс нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді, сондай-ақ шағым дайындауға жәрдем көрсетуді уәкілетті органның заң қызметінің мамандары мына мекенжай бойынша жүзеге асырады: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1704 кабинет, тел.: 8 (7172) 24-07-45.

Портал жұмысына, сондай-ақ Орталық қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call–орталығының телефоны (1414) бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіреберіс, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-00.

Жұмыс кестесі: жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа.

22. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым уәкілетті органның басшысының атына 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 17-қабат, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73 мекенжайы бойынша кеңсеге беріледі.

Жұмыс кестесі: күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа.

Порталда call–орталығының телефон (1414) нөмірі бойынша.

Орталық қызметкері дөрекі қызмет көрсеткен жағдайда шағым Орталықтың немесе «ХҚО» РМК басшысының атына беріледі, Орталықтардың мекенжайлары осы стандартқа 3-қосымшада, сондай-ақ Орталықтардың үй-жайларында орналасқан ақпараттардың ресми көздерінде және стенділерде көрсетілген.

23. Мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жазылуы тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжат болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті алушы шағымға қол қоюы тиіс. Шағымды беру кезінде субъектінің немесе әрекетіне шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі, аты-жөні, өтініш беру себептері мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым уәкілетті органның кеңсесіне тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растау - берілген шағым бойынша жауап алу мерзімі мен орнын, шағымды қарастыру барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген, мемлекеттік қызметті алушыға талон беру болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алушының Орталыққа немесе «ХҚО» РМК-ға жүгінуі кезінде шағымның қабылдануын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алушы шағымының қабылданғанын растау оны жеткізу және тіркеу туралы хабарлама болып табылады.

Бұл ретте, тұтынушыға орындалуы, жауабы немесе шағымды қараудан бас тарту туралы жаңартылып отыратын ақпарат қолжетімді.

26. Мемлекеттік қызметті алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1704 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73 мекенжайы бойынша, Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz, сондай-ақ call–орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.

«Орталық» РМК-ның мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Республика даңғылы, № 43 «А» үй, телефоны: 8 (7172) 94-99-93, интернет-ресурсы: www.con.gov.kz.

«Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

**Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беруге өтініш**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. РҰҚСАТ № | | | | | |
| 2. Өтініш беруші, оның заңды (нақты) мекенжайы, телефоны | | | | | |
| 3. Қайта өңдеуші, оның заңды (нақты) мекенжайы, телефоны | | | | | |
| 4. Баратын елі | | | | | |
| 5. Қолданылу мерзімі | | | | | |
| 6. Қайта өңдеу сипаты | | | | | |
| 7. Кеден органы | | | | | |
| 8. Өнімнің атауы және тауардың толық сипаттамасы | 9. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды | 10. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды | 11. Өлшем бірлігі | 12. Саны | 13. Жалпы құны (мың) |
| 14. Қайта өңдеу өнімдерінің атауы және тауардың толық сипаттамасы | 15. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды | 16. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды | 17. Өлшем бірлігі | 18. Саны | 19. Жалпы құны (мың) |
| 20. Рұқсат сұрау үшін негіздеме (қайта өңдеу шартының ( келісімшартының) нөмірі және күні) | | | 21. Келісілді | | |
| 22. Өтініш берушіден Т.А.Ә Лауазымы қолы, МО күні | | | 23. Уәкілетті орган Өтініш 20__ ж. «__» ______ қарауға қабылданды | | |
| 24. Лицензияның ерекше шарттары | | | | | |

«Өнімді
Қазақстан Республикасының
аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге
рұқсат беру» мемлекеттік
қызмет стандартына
2-қосымша

## Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алуға арналған мәліметтер нысаны

1. Егер ішкі нарықта өндіру, сату (өткізу) немесе пайдалану лицензия негізінде жүзеге асырылатын өнім қызмет мәні болып табылса, қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия:

1) лицензияның атауы ____________________________________________;

2) лицензияның нөмірі ___________________________________________;

3) лицензия берілген күн (жылы/күні/айы) ______________________;

4) лицензия берген мемлекеттік орган _________________________.

«Өнімді
Қазақстан Республикасының

аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

# Халыққа қызмет көрсету орталықтары

| Р/с № | ХҚО атауы (филиалдары, бөлімдері, бөлімшелері) | Орналасқан мекенжайы | Байланыс деректері |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. «Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы | | | |
| 1) | «Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы | Әуезов көшесі, 189 а | 8 (7162) 40-10-76 8 (7162) 40-10-63 |
| 2) | Көкшетау қалалық бөлімі | Көкшетау қаласы, Біржан сал көшесі, 42-үй | 8 (7162) 25-00-67 8 (7162) 25-06-21 |
| 3) | Красный Яр ауылының аудандық бөлімі | Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Ленин көшесі, 65-үй | 8 (7162) 40-43-27 |
| 4) | Аққөл аудандық бөлімі | Аққөл ауданы, Аққөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 102-үй | 8 (71638) 2-09-96 8 (71638) 2-18-49 |
| 5) | Аршалы аудандық бөлімі | Аршалы ауданы, Аршалы кенті, М. Мәметова көшесі, 19-үй | 8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-28-28 8 (71644) 2-10-77 |
| 6) | Атбасар аудандық бөлімі | Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Уәлиханов көшесі, 11-үй | 8 (71643) 2-45-94 8 (71643) 4-07-22 8 (71643) 4-12-58 |
| 7) | Астрахан аудандық бөлімі | Астрахан ауданы, Астраханка ауылы, Әл-Фараби көшесі, 44-үй | 8 (71641) 2-35-96 8 (71641) 2-21-94 |
| 8) | Бұланды аудандық бөлімі | Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Сейфуллин көшесі, 18 б-үй | 8 (71646) 2-37-20 8 (71646) 2-37-81 |
| 9) | Бурабай аудандық бөлімі | Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылай хан көшесі, 28-үй | 8 (71636) 4-29-97 8 (71636) 4-28-91 8 (71636) 4-59-28 |
| 10) | Егіндікөл аудандық бөлімі | Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Жеңіс көшесі, 7-үй | 8 (71642) 2-12-57 |
| 11) | Ерейментау аудандық бөлімі | Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Мұсабаев көшесі, 15-үй | 8 (71633) 2-44-92 |
| 12) | Еңбекшілдер аудандық бөлімі | Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Сыздықов көшесі, 2 а үй | 8 (71639) 2-22-41 8 (71639) 2-22-42 8 (71639) 2-22-18 |
| 13) | Есіл аудандық бөлімі | Есіл ауданы, Есіл қаласы, Жеңіс көшесі, 56-үй | 8 (71647) 2-22-07 |
| 14) | Жарқайың аудандық бөлімі | Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Ғабдуллин көшесі, 104-үй | 8 (71648) 9-00-35 8 (71647) 2-22-05 |
| 15) | Жақсы аудандық бөлімі | Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көшесі, 8-үй | 8 (71635) 2-17-10 |
| 16) | Зеренді аудандық бөлімі | Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көшесі, 52 | 8 (71632) 2-00-74 8 (71632) 2-29-43 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17) | Қорғалжын аудандық бөлімі | Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Абай көшесі, 44 «а» үй | 8 (71637) 2-17-83 8 (71637) 2-20-36 |
| 18) | Степногорск қалалық бөлімі | Степногорск қаласы, 4 шағын аудан, 7-үй | 8 (71645) 2-00-40 8 (71645) 2-00-30 |
| 19) | Сандықтау аудандық бөлімі | Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылай хан көшесі, 119-үй | 8 (71640) 9-26-66 |
| 20) | Целиноград аудандық бөлімі | Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 15-үй | 8 (71651) 3-12-30 8 (71651) 3-11-98 |
| 21) | Шортанды аудандық бөлімі | Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Безымянный қиылысы, 1-үй | 8 (71631) 2-17-97 |
| 2. «Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы | | | |
| 1) | «Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы | Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109-үй | 8 (7132) 56-57-87 |
| 2) | № 1 Ақтөбе қалалық бөлімі | Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109-үй | 8 (7132) 57-80-27 |
| 3) | Қарғалы ауылы (Жилянка) | Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы, Карғалы ауылы (Жилянка), Сәтбаев көшесі, 10-үй | 8 (7132) 98-60-06 8 (7132) 98-60-05 |
| 4) | Алға аудандық бөлімі | Алға ауданы, Алға қаласы, Киров көшесі, 23-үй | 8 (71337) 3-20-79 8 (71337) 3-10-96 |
* Барлық берілетін құжаттар көшірмелер түрінде беріледі және заңды тұлғалар үшін мөрмен және мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті алушының қолымен куәландырылады.

«Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру»
мемлекеттік қызметінің стандартына
4-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы ( үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1130 қаулысымен
бекітілген

**«Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметінің стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Комитет) мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел.: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс: 24-47-94, сондай-ақ «электрондық үкіметтің». www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 20-бабының 1) тармақшасының, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының, «Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 93 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz;

2) порталда орналасады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат сондай-ақ call-орталығының телефоны бойынша берілуі мүмкін (1414).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – монтаждауды, реттеуді,

жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру не Комитеттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы қағаз тасығыштағы немесе электронды құжат түріндегі дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Комитетте немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

лицензия беру – осы стандарттың 11-тармағының бірінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны қайта ресімдеу – осы стандарттың 11-тармағының жиырма төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын беру – осы стандарттың 11-тармағының он төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

алушыға өтініш берген күні қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген мөлшерде және тәртіпте қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алуға электронды сауал берген жағдайда, төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитет – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Комитеттің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін құжаттарды қабылдауды кеңсе жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.
2) портал – тәулік бойы жұмыс істейді.
10. Мемлекеттік қызмет:
1) Комитеттің ғимаратында көрсетіледі, ғимаратқа кіру жеке № 1 кіру арқылы жүзеге асырылады, онда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар, күтуге жайлы жағдай жасалған күту орны және қажетті құжаттарды дайындау орны көзделген, онда толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.
2) порталда – жеке кабинетте.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы не оның өкілі (сенімхат бойынша) Комитетке не порталға мынадай құжаттарды:
Комитетке:
1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар үшін белгіленген нысан бойынша өтінішті;
2) заңды тұлға үшін – жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін;
3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжатты;
4) дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін;
5) алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін;
6) жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжат (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған);
7) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сай мәліметтер мен құжаттарды тапсырады.
Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:
1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін белгіленген нысан бойынша өтініш;
2) лицензияның көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны тапсырмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
3) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне біліктілік

талаптарға сай мәліметтер мен құжаттар.

Алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны жоғалтқан, бүлдіріп алған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқылы. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін мынадай құжаттарды:

1) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

2) телнұсқаны бергені үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін тапсырады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

1) жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын өзгерткенде;

2) дара кәсіпкерді қайта тіркеу кезінде, оның атауын және мекенжайын өзгерткенде;

3) заңды тұлғаны біріктіру, қосып жіберу, бөлу немесе өзгерту нысанында қайта құру кезінде;

4) заңды тұлғаның атауын және (немесе) заңдық мекенжайын өзгерткенде қайта ресімдеуге жатады.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауын өзгерткен жағдайда, алушы осы тармақпен белгіленген тәртіпте лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті беруге құқылы.

Лицензияларды, лицензия мен лицензияға қосымшаның (бар болған жағдайда ) көшірмелерін қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде алушы қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мынадай құжаттар қажет:

өтініш;

лицензияны қайта ресімдегені үшін бюджетке лицензиялық алымды төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалдық куәландырылған) көшірмесі.

лицензия мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не лицензия (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда

нотариалдық куәландырылған) (бар болған жағдайда) көшірмелері.
Құжаттарды қабылдау кезінде Комитеттің қызметкері негізгі нұсқаларды мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтердің және құжаттардың көшірмелерімен салыстырады, одан кейін негізгі нұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.
Порталға:
алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат нысанындағы сұрауы.
Құжаттардың деректері:
жеке басының куәлігі;
жарғы электронды сканерленген көшірме түрінде электронды сұрауға бекітіледі;
заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама;
дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
«электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы бюджетке лицензиялық алымды төлегені туралы ақпарат;
осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электронды сұрауға бекітіледі.
Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:
лицензияның мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не лицензия болған жағдайда сканерленген көшірмесі электрондық сұрауға бекітіледі;
осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес кіші қызмет түріне біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электронды сұрауға бекітіледі.
Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу бойынша қызметтің түрін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу үшін мыналарды беру қажет:
алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат түріндегі сұрау;
ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы ақпарат;
лицензия мәліметі (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не сканерленген көшірмесі түріндегі лицензия электронды сұрауға бекітіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті* немесе анықтаманы Комитет портал арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Комитет алушыдан құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі белгіленген жағдайда Комитет белгіленген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді. Келешекте Комитеттің осы негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Комитетте мемлекеттік қызметті алу үшін бекітілген нысандағы өтініштер бланкісі интернет–ресурста: www.comprom.kz орналастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұраудың нысанын толтыру қажет.

13. Комитетте құжаттарды қабылдау поштамен жөнелту не Комитеттің кеңсесіне мына мекенжай бойынша тапсыру арқылы жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс: 24-47-94.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушыға:

1) өтінішті қағаз түрінде қабылдауды растау тіркеу күні мен нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесіне Комитет кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы жеке кабинетке жүгіну кезінде порталда алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алу уақыты мен күнін көрсете отырып мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрауды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп

жіберіледі.

15. Комитетте дайын құжаттарды алушыға беруді Комитет қызметкері жүзеге асырады.

Сұрауды өз еркімен жіберген кезде – порталдағы жеке кабинетінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алушы Комитетте қағаз тасығышта немесе электронды құжат түрінде екі жұмыс күні ішінде алады.

16. Егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмесе;

3) алушы біліктілік талаптарына сай келмесе;

4) алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;

5) алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот алушыға лицензия алуға тыйым салынса, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер, Комитет осы стандартпен белгіленген мерзімде алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген, не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілді деп есептеледі.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге міндетті.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бес жұмыс күні өткеннен кейін бермеген жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзін алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат Комитеттің құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттың көшірмесі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындауда заңдылықты сақтау;
3) алушылармен жұмыс кезіндегі сыпайылық;
4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы түпкілікті және толық ақпаратты беру;
5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің ашықтығы;
6) алушының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
7) алушының құжаттарындағы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Комитет қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1704 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-07-45 түсіндіріледі.
Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-00.
22. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетпеуіне шағымды алушы өтініш жолымен мына мекенжай бойынша Комитетке:
1) Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73;
2) порталда call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша жібере алады.
23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.
24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаның атына жазылуы тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (құжаттарда жеке басын куәландыратын бар болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды берген кезде субъектінің атауы немесе кімнің әрекетіне шағым жасалса, соның лауазымы, тегі және лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Алушыға тіркелген күні мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Алушыға шағымды қарау нәтижелері жазбаша түрде поштамен хабарланады.

Алушылар порталы арқылы электронды сұрауды жібергеннен кейін «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда (жеткізу, тіркеу, орындау, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап туралы белгі) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады.

26. Алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны 8 (7172) 29-90-73, Комитеттің интернет-ресурсынан: www.comprom.kz, сондай-ақ call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша алуға болады.

«Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны

____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы)

**ӨТІНІШ**

___________________________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді с ұ р а й м ы н .
Мекенжайы ______________________________________________________________
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №,
___________________________________________________________________________
телефон, факс, e-mail)
Есеп шоты ______________________________________________________________
(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)
Филиалдары (өкілдіктері, объектілер, пункттер, учаскелер)
___________________________________________________________________________
(орналасқан жері
___________________________________________________________________________
және деректемелері)
Ұсынылатын құжаттар:
___________________________________________________________________________
Басшы ___________________ ___________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Мөрдің орны
Өтініш 20__ жылғы __________________________________ қарауға қабылданды
___________________________________________________________________________
(лицензиялау органының жауапты адамының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)
«Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру,

қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
2-қосымша

**Жеке тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны**

____________________________________________________________
(Лицензиардың толық атауы)
____________________________________________________________
(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты)

**ӨТІНІШ**

____________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)
____________________________________________________________
_______________________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын.
Тұрғылықты жері ____________________________________________
Жеке басын куәландыратын құжат: түрі ___________, сериясы ___________
№ ________________, ___________________________________________ берді
Берілген күні _______________________________________________
Есеп шоты (бар болған жағдайда) ________________________________
(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)
Қоса беріліп отырған құжаттар: ___________________________________
____________________________________________________________
_________________ ____________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
20__ жылғы _________
Өтініш 20__ жылғы ________________________________ қарауға қабылданды
____________________________________________________________
(лицензиардың жауапты тұлғасының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)
«Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы

материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
3-қосымша

# Біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (материалдар мен құжаттар)*

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру жөніндегі қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 3. | қызметтің көрсетілген кіші түріне қатысты әзірлеу және өндіру мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы түріндегі ғылыми база | нормативтік-техникалық құжаттардың тізімі |
| 4. | мыналарды:<br>арнайы өндірістік ғимаратты;<br>жабдықтарды, стендіні, көтергіш механизмді;<br>әзірленген және өндірілетін өнімді сақтау және оларға бақылау сынақтарын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған аумақтар мен үй-жайларды;<br>жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайларды қамтитын жеке меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған өндірістік-техникалық базасы | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, өндірістік-техникалық базаны жалға алу келісімінің көшірмесі, өндірістік нысандардың (ғимарат, үй-жай, қойма, цех, зертхана, және т.б.) және алаңдардың, құрал-жабдық және стенд, көтергіш механизмнің техникалық паспортымен тізімі, қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 5. | қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаты | рұқсаттың көшірмесі |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | пайдалану шарттарына және олар үшін белгіленген өлшем құралдарын қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келетін өлшем құралдары, оның ішінде радиацияны өлшеу құралдары | өлшем құралдарының тізімі, тексеру сертификаттарының көшірмесі |
| 7. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия немесе қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен келісім | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 8. | ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу, өндіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық | нұсқаулықтың көшірмесі |
| 9. | материалдарды, жартылай фабрикаттарды ( әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 10. | күзет қызметіне лицензия не оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арнайы жабдықталған қойманы иеленуші мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның арасындағы келісімнің көшірмесі | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 2. | Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды жөндеу жөніндегі қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 3. | қызметтің көрсетілген кіші түріне қатысты әзірлеу және өндіру мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы түріндегі ғылыми база | нормативтік-техникалық құжаттардың тізімі |
| 4. | мыналарды:<br>арнайы өндірістік ғимаратты;<br>жабдықтарды, стендіні, көтергіш механизмді;<br>жөндеу жүргізілгеннен кейін өнімді сақтау және оларға бақылау сынақтарын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған аумақтар мен үй-жайларды;<br>жұмысшы персоналды орналастыруға арналған | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, өндірістік нысандардың ( ғимарат, үй-жай, қойма, цех, зертхана және т.б.) және алаңдардың, құрал-жабдық және стенд, |

| | | |
|---|---|---|
| | қызметтік үй-жайларды қамтитын жеке меншік құқығындағы қоршалған, оқшауланған өндірістік-техникалық базасы | көтергіш механизмнің техникалық паспортымен тізімі, қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 5. | қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаты | рұқсаттың көшірмесі |
| 6. | пайдалану шарттарына және олар үшін белгіленген өлшем құралдарын қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келетін өлшем құралдары, оның ішінде радиацияны өлшеу құралдары | өлшем құралдарының тізімі, тексеру сертификаттарының көшірмесі |
| 7. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия немесе қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен келісім | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 8. | ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу, өндіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық | нұсқаулықтың көшірмесі |
| 9. | материалдарды, жартылай фабрикаттарды ( әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 10. | күзет қызметіне лицензия не оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арнайы жабдықталған қойманы иеленуші мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның арасындағы келісім | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 3. | Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды алу және өткізу жөніндегі қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері |
| 3. | жеке меншік құқығындағы оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын сақтауға арналған, қоршалған, оқшауланған, арнайы жабдықталған қойма | анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 4. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия немесе қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен келісім | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 5. | қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаты | рұқсаттың көшірмесі |
| 6. | оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, модернизациялауды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдарды, жабдықтарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 7. | күзет қызметіне лицензия не оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арнайы жабдықталған қойманы иеленуші мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның арасындағы келісім | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |

* Барлық берілетін құжаттар көшірмелер түрінде беріледі және заңды тұлғалар үшін мөрмен және мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті алушының қолымен куәландырылады.

«Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
4-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

## «Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Комитет) мына

мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел.: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс: 24-47-94, сондай-ақ «электрондық үкіметтің»: www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 20-бабының 2) тармақшасының, « Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының, «Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы № 243 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz;

2) порталда орналасады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат сондай-ақ call-орталығының телефоны бойынша берілуі мүмкін (1414).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру не Комитеттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауапты не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта немесе электронды құжат түрінде беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Комитетте немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

лицензия беру – осы стандарттың 11-тармағының бірінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны қайта ресімдеу – осы стандарттың 11-тармағының жиырма төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын беру – осы стандарттың 11-тармағының он төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы берген күннен

бастап екі жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

өтініш берген күні алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген мөлшерде және тәртіпте қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алуға электронды сауал берген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитет – еңбек заңнамасына сай демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Комитеттің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұманы қоса алғанда күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін құжаттарды қабылдауды кеңсе жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

2) портал – тәулік бойы жұмыс істейді.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) Комитеттің ғимаратында көрсетіледі, ғимаратқа кіру жеке № 1 кіру арқылы жүзеге асырылады, онда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар, күтуге жайлы жағдай жасалған күту орны және қажетті құжаттарды дайындау орындары көзделген, оларда толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2) порталда – жеке кабинетте.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы не оның өкілі (сенімхат бойынша) Комитетке не порталға мынадай құжаттарды:

Комитетке:

1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар үшін белгіленген нысан бойынша өтінішті;

2) заңды тұлға үшін – мемлекеттік қызметті алушы жарғысының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжатты;

4) дара кәсіпкер үшін – мемлекеттік қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда) көшірмесін;

6) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымды төленгенін растайтын (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) құжатты;

7) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Лицензиясы бар қызмет түрінің шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысан бойынша өтініш;

лицензия (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесі;

осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны жоғалтқан, бүлдіріп алған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға құқылы. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін мынадай құжаттарды:

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

телнұсқаны бергені үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін тапсырады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын өзгерткенде;

дара кәсіпкерді қайта тіркеу кезінде оның атауын және мекенжайын өзгерткенде;

заңды тұлғаны біріктіру, қосып жіберу, бөлу немесе өзгерту нысанында қайта құру кезінде;

заңды тұлғаның атауын және (немесе) заңдық мекенжайын өзгерткенде қайта рәсімдеуге жатады.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауын өзгерткен жағдайда, алушы осы тармақта белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті беруге құқылы.

Лицензияларды, лицензия мен лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмелерін қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде алушы қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мынадай құжаттар қажет:

өтініш;

лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалдық куәландырылған) көшірмесі.

лицензия мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) немесе лицензия салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған (бар болған жағдайда) көшірмелері.

Құжаттарды қабылдау кезінде Комитеттің қызметкері негізгі нұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін негізгі нұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарып береді.

Порталға:

алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат нысанындағы сұрауы.

Құжаттардың деректері:

жеке басының куәлігі;

жарғы электронды сканерленген көшірме түрінде электронды сұрауға бекітіледі;

заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама;

дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

«электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы бюджетке лицензиялық алымды төлегені туралы ақпарат.

Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

лицензияның мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не лицензия болған жағдайда сканерленген көшірмесі электрондық сұрауға бекітіледі;

осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес кіші қызмет түріне біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электронды сұрауға бекітіледі.

Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мыналарды беру қажет:

алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат түріндегі сұрау;

ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы ақпарат;

лицензиялық мәліметі (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не сканерленген көшірмесі түріндегі лицензия электронды сұрауға бекітіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті* немесе анықтаманы Комитет портал арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Комитет алушыдан құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі белгіленген жағдайда Комитет белгіленген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан бас тартуға жазбаша дәлел береді. Келешекте Комитеттің осы негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға құқысы жоқ.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Комитетте мемлекеттік қызметті алу үшін осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бекітілген нысандағы өтініштер бланкісі интернет–ресурста: www.comprom.kz орналастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұраудың нысанын толтыру қажет.

13. Құжаттарды қабылдау поштамен жіберу не Комитеттің кеңсесіне тапсыру арқылы мына мекенжайда жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-93, факс: 24-47-94.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушыға:

1) өтінішті қағаз түрінде қабылдауды растау, тіркеу күнін және нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесінде Комитеттің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы жүгінген кезде алушының порталдағы жеке кабинетіне алушының мемлекеттік қызметтің нәтижелерін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрауды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Комитетте дайын құжаттарды алушыға беруді Комитеттің қызметкері жүзеге асырады.

Сұрауды өз еркімен жіберген кезде – порталда жеке кабинетінде.

Мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты алушы Комитетте қағаз тасығышта немесе электронды құжат түрінде екі жұмыс күннің ішінде алады.

16. Егер:

Қазақстан Республикасының заңдарымен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынған;

қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

алушы біліктілік талаптарына сай келмеген;

алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;

алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда;

сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот алушыға лицензия алуға тыйым салғанда мемлекеттік қызметті беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер, Комитет осы стандартпен белгіленген мерзімде алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген, не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілді деп есептеледі.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны беруге міндетті.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бес жұмыс күні өткеннен кейін бермеген жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзін алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат Комитеттің

құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттың көшірмесі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:
1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2) қызметтік борышты орындауда заңдылықты сақтау;
3) алушылармен жұмыс кезіндегі сыпайылық;
4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы түпкілікті және толық ақпаратты беру;
5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің ашықтығы;
6) алушының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
7) алушының құжаттарындағы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Комитет қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1704 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-07-45 түсіндіріледі.
Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2502 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-00 беріледі.
22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетпеуіне шағымды алушы өтініш жолымен Комитетке мына мекенжайға:

1) Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73;

2) порталда call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша жібере алады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаның атына жазылуы тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (құжаттарда жеке басын куәландыратын бар болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды берген кезде субъектінің атауы немесе кімнің әрекетіне шағым жасалса, соның лауазымы, тегі және лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Алушыға тіркелген күні мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Алушыға шағымды қарау нәтижелері жазбаша түрде поштамен хабарланады.

Алушылар порталы арқылы электронды сұрауды жібергеннен кейін «жеке кабинетінен» жүгініс туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда (жеткізу, тіркеу, орындау, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап туралы белгі) жүгіністі өңдеу барысында жаңартылып отырады.

26. Алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73, Комитеттің интернет-ресурсы: www.comprom.kz, сондай-ақ call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша алуға болады.

«Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны

___________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы)

**ӨТІНІШ**

___________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді сұраймын.

Мекенжайы ______________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №,

___________________________________________________________________

телефон, факс, e-mail)

Есеп шоты ______________________________________________________

(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдары (өкілдіктері, объектілер, пункттер, учаскелер)

___________________________________________________________________

(орналасқан жері

___________________________________________________________________

және деректемелері)

Ұсынылатын құжаттар:

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Басшы ____________________ ___________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөрдің орны

Өтініш 20__ жылғы ____________________________________ қарауға қабылданды

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(лицензиялау органының жауапты адамының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

«Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға

лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
2-қосымша

**Жеке тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны**

______________________________________________________________________
(Лицензиардың толық атауы)
______________________________________________________________________
(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты)

**ӨТІНІШ**

______________________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)
______________________________________________________________________
_______________________________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын.
Тұрғылықты жері ________________________________________________
Жеке басын куәландыратын құжат: түрі ___________, сериясы ___________
№ ________________, _____________________________________________ берді
Берілген күні ___________________________________________________
Есеп шоты (бар болған жағдайда) ________________________________
(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)
Қоса беріліп отырған құжаттар: _______________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
_____________________ ____________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
20__ жылғы _________
Өтініш 20__ жылғы ________________________________ қарауға қабылданды
______________________________________________________________________
(лицензиардың жауапты тұлғасының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

«Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу

бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
3-қосымша

# Біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (материалдар мен құжаттар)*

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі кіші қызмет түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім, жарушының бірыңғай кітапшасы | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының көшірмелері |
| 2. | техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережесін оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың көшірмелері |
| 3. | жеке меншік құқығында қоршалған, оқшауланған және:<br>сынақ зертханасын;<br>арнайы өндірістік ғимаратты;<br>арнайы жабдықталған қойманы;<br>жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайды қамтитын өндірістік-техникалық базасы; | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, өндірістік нысандардың (ғимарат, үй-жай, қойма, зертхана және т.б.) зертхананың аттестаты (бар болған жағдайда), қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 4. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия не қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 5. | ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың тәжірибелік үлгісін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық | нұсқаулықтың көшірмесі |
| 6. | материалдарды, жартылай фабрикаттарды (әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, | журналдың барлығы туралы анықтама |

| | | |
|---|---|---|
| | бұйымдарды есепке алу және сақтау бойынша журнал | |
| 7. | аумақтық ішкі істер органы берген жарылғыш заттарды сақтауға рұқсат | рұқсаттың көшірмесі |
| 8. | күзет қызметіне лицензия не күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен өндірістік-техникалық базаны оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 2. | Жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды өндіру жөніндегі кіші қызмет түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысында немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім, жарушының бірыңғай кітапшасы | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен: жабдықтарды, механизмдерді, құрылғыларды, жарақтарды, көлікті, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді; еңбек қауіпсіздігін, технологиялық регламенттің орындалуын, периметр мен қоршаған ортаны қорғауды бақылауды; метрологиялық қамтамасыз етуді, кіру бақылауы мен дайын өнім сапасын қамтамасыз ететін білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының, жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережесін оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың көшірмелері |
| 3. | ұйымның басшысы бекіткен жарылғыш заттарды дайындауға арналған технологиялық процестің регламенті мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулық | технологиялық процестің регламентін және нұсқаулықтың көшірмелері |
| 4. | жеке меншік құқығында немесе өзге заңды негізде қоршалған, оқшауланған және: сынақ зертханасын; арнайы өндірістік ғимаратты; арнайы жабдықталған қойманы; жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайды қамтитын өндірістік-техникалық базасы | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, өндірістік нысандардың (ғимарат, үй-жай, қойма, зертхана және т.б.), зертхананың аттестаты (бар болған жағдайда), қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия не қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 6. | материалдарды, жартылай фабрикаттарды ( әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу және сақтау бойынша журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 7. | аумақтық ішкі істер органы берген жарылғыш заттарды сақтауға рұқсат | рұқсаттың көшірмесі |
| 8. | күзет қызметіне лицензия не өндірістік-техникалық базаның иесі мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйым арасында оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарт көшірмесі | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 3. | Жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу және өткізу жөніндегі кіші қызмет түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім, жарушының бірыңғай кітапшасы | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережесін оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың көшірмелері |
| 3. | жеке меншік құқығында қоршалған, оқшауланған, жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 4. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия не қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 5. | жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды есепке алу және сақтау бойынша журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 6. | аумақтық ішкі істер органы берген жарылғыш заттарды сақтауға рұқсат | рұқсаттың көшірмесі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | күзет қызметіне лицензия не күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен арнайы жабдықталған қойманы оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған күзет қызметіне шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 4. | Жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды өзіндік өндірістік мұқтаждықтар үшін сатып алу жөніндегі кіші қызмет түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары | Құжат атауы |
| 1. | заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, оның ішінде оның филиалының басшысы немесе оның орынбасары, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлға үшін жоғары техникалық білім, жарушының бірыңғай кітапшасы | дипломның және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының көшірмелері |
| 2. | тиісті техникалық білімі, жарушының бірыңғай кітапшасы, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларын оқудан және білімін тексеруден өткен білікті мамандар | тегін, атын, әкесінің атын, мамандығы бойынша білімін, лауазымын, мамандық бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте, сондай-ақ дипломның, еңбек кітапшасының немесе маман лауазымына тағайындау туралы бұйрықтың, жарушының бірыңғай кітапшасының, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережесін оқудан және білімін тексеруден өткені туралы куәліктің немесе хаттаманың көшірмелері |
| 3. | жеке меншік құқығында немесе өзге заңды негізде қоршалған, оқшауланған, жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қойма | жылжымайтын мүлік пен онымен келісімдер жасау құқығын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аумақтық әділет органының жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және олардың техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы, арнайы жабдықталған қойманы жалға алу келісімінің, жылжымайтын мүлікке техникалық паспорты көшірмесі, қоршау және оқшаулаудың барлығы туралы анықтама |
| 4. | қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензия не қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен шарт | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| 5. | жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды есепке алу және сақтау бойынша журнал | журналдың барлығы туралы анықтама |
| 6. | аумақтық ішкі істер органының жарылғыш заттарды сақтауға арналған рұқсат | рұқсаттың көшірмесі |
| 7. | күзет қызметіне лицензия не арнайы жабдықталған қойманың иесі мен лицензиясы бар мамандандырылған ұйым арасында оқ-дәрімен атылатын қаруды пайдалана отырып күзетуге арналған шарт көшірмесі | лицензияның немесе келісім мен лицензияның көшірмесі |
| | Пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды өзінің өндірістік мұқтажы үшін сатып алатын шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін 4-тармақтың 1) тармақшасы бойынша, 2) тармақшадағы жарушының бірыңғай кітапшасының болуы туралы мәліметтерді ұсыну талап етілмейді . | |

* Барлық берілетін құжаттар көшірмелер түрінде беріледі және заңды тұлғалар үшін мөрмен және мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті алушының қолымен куәландырылады.

«Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
4-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы ( үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 тамыздағы
№ 1130 қаулысымен
бекітілген

## «Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнаулы құралдарды жою (жою, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Комитет) мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел.: 8 (7172) 29-90-93, 24-14-07, факс: 24-47-94, сондай-ақ «электрондық үкіметтің»: www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 20-бабының 3) тармақшасының, « Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының, «Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 82 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Комитеттің интернет-ресурсында: www.comprom.kz;

2) порталда орналасады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат сондай-ақ call-орталығының телефоны бойынша берілуі мүмкін (1414).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия

беру, қайта ресімдеу, лицензияның көшірмесін беру не Комитеттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауабы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы қағаз тасығыштағы немесе электронды құжат түріндегі дәлелді жауабы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Комитетте немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

лицензия беру – осы стандарттың 11-тармағының бірінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны қайта ресімдеу – осы стандарттың 11-тармағының жиырма төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын беру – осы стандарттың 11-тармағының он төртінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

өтініш берген күні алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген мөлшерде және тәртіпте қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алуға электронды сауал берген жағдайда, төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитет – еңбек заңнамасына сай демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Комитеттің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұманы қоса алғанда күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін құжаттарды қабылдауды кеңсе жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

2) портал – тәулік бойы жұмыс істейді.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) Комитеттің ғимаратында, ғимаратқа кіру жеке № 1 кіру арқылы жүзеге

асырылады, онда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар, күтуге жайлы жағдай жасалған күту орны және қажетті құжаттарды дайындау орындары көзделген, оларда толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2) порталда – жеке кабинетте көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы не оның өкілі (сенімхат бойынша) Комитетке не порталға мынадай құжаттарды:

Комитетке:

1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар үшін белгіленген нысан бойынша өтінішті;

2) заңды тұлға үшін – мемлекеттік қызметті алушының жарғысының ( салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмені;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжатты;

4) дара кәсіпкер үшін – мемлекеттік қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда) көшірмесін;

6) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымды төленгенін растайтын (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) құжатты;

7) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Лицензиясы бар қызмет түрінің шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысан бойынша өтініш;

2) лицензияның көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырған);

3) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны жоғалтқан, бүлдіріп алған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға құқылы. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын

алу үшін мынадай құжаттарды:
1) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру туралы өтінішті;
2) телнұсқаны бергені үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін тапсырады.
Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда қайта ресімдеуге жатады:
жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын өзгерту;
дара кәсіпкерді қайта тіркеу кезінде оның атауын және мекенжайын өзгерту;
заңды тұлғаны біріктіру, қосып жіберу, бөлу немесе өзгерту нысанында қайта құру кезінде;
заңды тұлғаның атауын және (немесе) заңдық мекенжайын өзгерту.
Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауын өзгерткен жағдайда, алушы осы тармақта белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқылы.
Лицензияларды, лицензия мен лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмелерін қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде алушы қайта ресімдеу туралы өтінішті береді.
Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мынадай құжаттар қажет:
өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалдық куәландырылған) көшірмесі.
лицензияның мәліметтері (www.elicense.kz порталында болған жағдайда) немесе лицензия салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған (бар болған жағдайда) көшірмелері.
Құжаттарды қабылдау кезінде Комитеттің қызметкері негізгі нұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін негізгі нұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарып береді.
Порталға:
алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат нысанындағы сұрауы.
Құжаттардың деректері:
жеке басының куәлігі;

жарғы электронды сканерленген көшірме түрінде электронды сұрауға бекітіледі;

заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама;

дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

«электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы бюджетке лицензиялық алымды төлегені туралы ақпарат.

Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

лицензияның мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не лицензия болған жағдайда сканерленген көшірмесі электрондық сұрауға бекітіледі;

осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес кіші қызмет түріне біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электронды сұрауға бекітіледі.

Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мыналарды беру қажет:

алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат түріндегі сұрау;

ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы ақпарат;

лицензия мәліметі (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не сканерленген көшірмесі түріндегі лицензия электронды сұрауға бекітіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті* немесе анықтаманы Комитет портал арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Комитет алушыдан құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі белгіленген жағдайда Комитет белгіленген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан бас тартуға жазбаша дәлел береді.

Келешекте Комитет осы негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға құқысы жоқ.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Комитетте мемлекеттік қызметті алу үшін осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бекітілген нысандағы өтініштер бланкісі интернет–ресурста www.comprom.kz орналастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұраудың нысанын толтыру қажет.

13. Құжаттарды қабылдау поштамен жіберу не Комитеттің кеңсесіне мына мекенжай бойынша тапсыру арқылы жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, тел: 8 (7172) 29-90-93, факс: 24-47-94.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушы:

1) өтінішті қағаз түрінде қабылдауды растау, тіркеу күнін және нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесінде Комитеттің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы жүгінген кезде алушының порталдағы жеке кабинетіне алушының мемлекеттік қызметтің нәтижелерін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрауды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Комитетте дайын құжаттарды алушыға беруді Комитеттің қызметкері жүзеге асырады.

Сұрауды өз еркімен жіберген кезде – порталда жеке кабинетте жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алушы Комитетте қағаз тасығышта немесе электронды құжат түрінде екі жұмыс күннің ішінде алады.

16. Егер:

Қазақстан Республикасының заңдарымен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынған;

қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

алушы біліктілік талаптарына сай келмеген;

алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;

алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда;
сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот алушыға лицензия алуға тыйым салғанда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер, Комитет осы стандартпен белгіленген мерзімде алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген, не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілді деп есептеледі.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімі өткен күннен бастап мемлекеттік қызметті алушыға бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге міндетті.

Комитет лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бес жұмыс күні өткеннен кейін бермеген жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзін алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат Комитеттің құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттың көшірмесі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:
1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2) қызметтік борышты орындауда заңдылықты сақтау;
3) алушылармен жұмыс кезіндегі сыпайылық;
4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы түпкілікті және толық ақпаратты беру;
5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің ашықтығы;
6) алушының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
7) алушының құжаттарындағы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және

тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Комитеттің қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1704 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-07 - 4 5 түсіндіріледі.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының ( 1414) телефоны бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73 беріледі.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетпеуіне шағымды алушылар өтініш жолымен мына мекенжай бойынша Комитетке жібереді:

1) Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1 қабат, № 1 кіру, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.

2) порталда call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша жібере алады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда алушы заңнамамен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаның атына жазылуы тиіс.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (құжаттарда жеке басын куәландыратын бар болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды берген кезде субъектінің атауы немесе кімнің әрекетіне шағым жасалса, соның лауазымы, тегі және лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Алушыға тіркелген күні мен уақыты, жүгіністі (шағымды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Алушыға шағымды қарау нәтижелері жазбаша түрде поштамен хабарланады.

Алушылар порталы арқылы электронды сұрауды жібергеннен кейін «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда (жеткізу, тіркеу, орындау, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап туралы

белгі) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады.

26. Алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны 8 ( 7172) 29-90-73, Комитеттің интернет-ресурсы: www.comprom.kz, сондай-ақ call–орталығының телефон нөмірі (1414).

«Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды,
әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою
(құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу
бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға
лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телқұжаттарын беру»
мемлекеттік қызметінің стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны

___________________________________________
(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы)

## ӨТІНІШ

___________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді сұраймын.

Мекенжайы ___________________________________
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №,
___________________________________________
телефон, факс, e-mail)

Есеп шоты ___________________________________
(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдары (өкілдіктері, объектілер, пункттер, учаскелер)
___________________________________________
(орналасқан жері
___________________________________________
және деректемелері)

Ұсынылатын құжаттар:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

| 12. | улардың экспорты (импорты) кезінде:<br>уларды автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда мынадай құжаттардың көшірмелері ұсынылады: аумақтық жол полициясы органы берген көлік құралын қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы рұқсат, қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат және тасымалдау құқығына арналған лицензия; |
| 13. | улардың, пестицидтердің (улы химикаттардың), рентген жабдықтарынының экспорты (импорты) кезінде:<br>рентген жабдығын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;<br>рентген сәулелену көздерімен жұмыс істеу құқығына лицензияның көшірмесі;<br>пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге (формуляциялауға) және/немесе сатуға және/немесе аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен пайдалануға арналған лицензиялардың көшірмелері;<br>егер пестицидтерді (улы химикаттарды) бүріккіш немесе өзіне меншік құқығында немесе жер пайдалану құқығында тиесілі жер учаскесінде қызметтің тиісті түріне арналған лицензияда көзделмеген басқа техникамен қолдану үшін импорттайтын тұтынушы өтініш беруші ретінде әрекет етсе, жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері мен пестицидтер (улы химикаттар) санының химиялық өңдеуге қажетті есептемелері;<br>келісім-шарттың (шарттың) көшірмесі. Егер сатушы ретінде дистрибьютор компания әрекет етсе, өтініш беруші дистрибьютор компания мен пестицидті (улы химикатты) тіркеуші фирманың арасындағы лицензиялық келісімнің көшірмесін немесе пестицидті (улы химикатты) тіркеуші фирманың дистрибьютор компания Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін пестицидті (улы химикатты) сату құқығына рұқсат-хат ұсынады;<br>рентген жабдығының импортына тапсырыс-өтінім;<br>химиялық өнімнің қауіпсіздігі паспорты;<br>пестицидтерді (улы химикаттарды), уларды сақтауға арналған қойманың санитарлық паспорты ( санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды); |
| 14. | сары ("ақ") фосфордың, улардың, пестицидтердің (улы химикаттардың), өнеркәсіп қалдықтарының экспорта (импорты) кезінде:<br>Біріккен Ұлттар Ұйымының Әлеуетті уытты химиялық заттардың халықаралық тіркелімі базасынан әлеуетті уытты химиялық заттардың (қалдықтарды қоса алғанда) сипаттамасын беру бойынша ақпараттық карта;<br>қоршаған ортаны ластағаны үшін экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі;<br>уытты қалдықтарды, химиялық заттарды тасымалдау, сақтау, қолдану немесе қайта өңдеу кезінде мемлекеттік бақылауды жүргізу мүмкіндігі туралы Департаменттердің, Департамент филиалдарының растау хаты;<br>сақтау қоймасының санитарлық паспорты;<br>сақтау қоймаларының жаңаларын салу немесе оларды қайта жаңарту кезінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы;<br>егер, өтініш беруші ретінде делдал әрекет еткен жағдайда, қалдықтарды, оның ішінде пайдаланылған өнім ыдыстарын кәдеге жаратуға, сақтауға және көмуге кәсіпорынмен жасалған шарт ұсынылады және тауарды кейіннен тұтынушыларға сату үшін келісім-шарттарда (шарттарда) пайдаланылған өнімнің ыдысын міндетті түрде қайтаруды көздеу қажет;<br>келісім-шарттарда (шарттарда) өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарының, химиялық (уытты) заттардың және өнеркәсіп қалдықтарының импорты кезінде ақаулы тауарларды экспорттаушыға қайтару тәртібін көздеу қажет; |
| 15. | "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына сәйкес 9-санатқа жатқызылған экспорттық бақылауға жататын тауарлардың экспорты (импорты) кезінде:<br>экспортталатын өнімге техникалық ұсыныс (алдын ала жоба) және техникалық жоба; |
| | |

| | |
|---|---|
| 16. | жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың (олардың жинақтауыштарын және қосалқы бөлшектерін, қолданбалы бағдарламалардың пакеттерін қоса алғанда), олардың нормативтік-техникалық құжаттамасының (конструкторлық және пайдалану құжаттамасын қоса алғанда) экспорты (импорты) кезінде: экспортталатын (импортталатын) тауарды арнайы техникалық құралдарға жатқызу мәніне арналған техникалық зерттеу қорытындысы. |
| 17. | Ескертпе:<br>*Импорттаушы елдің түпкі пайдаланушысының сертификатының түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады. |

* Барлық берілетін құжаттар көшірмелер түрінде беріледі және заңды тұлғалар үшін мөрмен және мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті алушының қолымен куәландырылады.

«Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру»
мемлекеттік қызметінің стандартына
6-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

## «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар), сондай-ақ «электрондық үкіметтің»: www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 12-бабының 6) тармақшасының, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының, «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 80 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында;

2) порталда орналасады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат сондай-ақ call-орталығының телефоны бойынша берілуі мүмкін (1414).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру не уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауап, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы қағаз тасығыштағы немесе электронды құжат түріндегі дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Уәкілетті органдарда немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

лицензия беру – осы стандарттың 11-тармағының бірінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны қайта ресімдеу – осы стандарттың 11-тармағының он алтыншы абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде;

лицензия телнұсқаларын беру – осы стандарттың 11–тармағының сегізінші абзацында айқындалған қажетті құжаттарды алушы берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды;

өтініш берген күні алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген мөлшерде және тәртіппен қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алуға электронды сауал берген жағдайда, төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі арқылы (бұдан әрі - ЭҮТШ) жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органдардың осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

2) портал – тәулік бойы жұмыс істейді.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органдардың ғимараттарында, онда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар, күтуге жайлы жағдай жасалған күту орны және қажетті құжаттарды дайындау орны көзделген, онда толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2) порталда – жеке кабинетте көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы не оның өкілі (сенімхат бойынша) уәкілетті органға не порталға мынадай құжаттарды:

Уәкілетті органға:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысан бойынша өтінішті;

2) заңды тұлға үшін – мемлекеттік қызметті алушы жарғысының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсынбаған жағдайда) көшірмесін;

4) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымды төленгенін растайтын (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) құжатты;

5) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сай мәліметтер мен құжаттарды тапсырады.

Алушы лицензияны жоғалтқан, бүлдіріп алған кезде лицензияның телнұсқасын алуға құқылы. Лицензияның телнұсқасын алу үшін мынадай құжаттарды:

лицензияның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

телнұсқаны бергені үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларды ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін тапсырады.

Лицензия мынадай жағдайларда:

заңды тұлғаны біріктіру, қосып жіберу, бөлу немесе өзгерту нысанында қайта құру кезінде;

заңды тұлғаның атауын және (немесе) заңдық мекенжайын өзгерткенде қайта ресімдеуге жатады.

Қызмет түрінің атауын өзгерткен жағдайда, алушы осы тармақта белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті беруге құқылы.

Лицензияның көшірмесін (бар болған жағдайда), лицензияны қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде алушы қайта ресімдеу туралы өтінішті береді.

Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) өтініш;

2) бюджетке лицензиялық алымды төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалдық куәландырылған) көшірмесі;

3) лицензия мәліметтері (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) немесе лицензия (бар болған жағдайда) көшірмелері.

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның қызметкері негізгі нұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін негізгі нұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарып береді.

Порталға:

алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат нысанындағы сұрауы.

Құжаттардың деректері:

жеке басының куәлігі;

жарғы электронды сканерленген көшірме түрінде электронды сұрауға бекітіледі;

заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама;

«электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы бюджетке лицензиялық алымды төлегені туралы ақпарат;

осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар сканерленген көшірмелер түрінде электронды сұрауға бекітіледі.

Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу үшін:

алушының ЭЦҚ қолы қойылған электронды құжат түріндегі сұрау;

ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы ақпарат;

лицензия мәліметі (порталда www.elicense.kz бар болған жағдайда) не сканерленген көшірмесі түріндегі лицензия электронды сұрауға бекітіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын алушыны заңды тұлға

ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті* немесе анықтаманы Комитет портал арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Мемлекеттік қызметті уәкілетті органдарда алу үшін осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген нысандағы өтініштер бланкісі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұраудың нысанын толтыру қажет.

13. Құжаттарды қабылдау поштамен жіберу жолымен не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органдарға тапсырылады.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушы:

1) өтінішті қағаз түрінде қабылдауды растау тіркеу күнін және нөмірін көрсете отырып, алушының көшірмесінде уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы жүгінген кезде алушының порталдағы жеке кабинетіне алушының мемлекеттік қызметтің нәтижелерін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрауды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Дайын құжаттарды алушыға беруді:

1) уәкілетті органдарда уәкілетті органдардың қызметкерлері;

2) сұрауды өз еркімен жіберген кезде - порталдағы жеке кабинетте жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алушы уәкілетті органдарда қағаз тасығышта немесе электронды құжат түрінде екі

жұмыс күннің ішінде алады.

16. Егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

3) алушы біліктілік талаптарына сай келмесе;

4) алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;

5) алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот алушыға лицензия алуға тыйым салғанда мемлекеттік қызметті беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер уәкілетті органдар осы стандартпен белгіленген мерзімде алушыға лицензияны бермеген, не лицензияны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия берілді деп есептеледі.

Уәкілетті органдар лицензияны беру мерзімі өткен күннен бастап мемлекеттік қызметті алушыға тиісті лицензияны бес жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

Уәкілетті органдар лицензияны бес жұмыс күні өткеннен кейін бермеген жағдайда, лицензия алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзін алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат уәкілетті органдардың құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттың көшірмесі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органдардың қызметі алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындауда заңдылықты сақтау;

3) алушылармен жұмыс кезіндегі сыпайылық;

4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы түпкілікті және толық ақпаратты беру;

5) өтініштерді қарау кезінде лауазымдық тұлғалар қызметінің ашықтығы;

6) алушының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
7) алушының құжаттарындағы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға көрсету бойынша жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Уәкілетті жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын уәкілетті органдардың басшыларының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде уәкілетті органдардың қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша тиісті уәкілетті органның басшыларымен түсіндіріледі.
Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша тиісті уәкілетті органның бірінші басшысының атына беріледі.
22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетпеуіне шағымды алушылар өтініш жолымен:
1) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша тиісті уәкілетті органға;
2) порталда call–орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша жібере алады.
23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.
24. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаның атына жазылуы тиіс.
Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (құжаттарда жеке басын куәландыратын бар болған кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды берген кезде субъектінің атауы немесе кімнің әрекетіне шағым жасалса, соның лауазымы, тегі және лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымдану себебі мен талаптары көрсетіледі.
25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан

Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде қаралады. Алушыға тіркелген күні мен уақыты, өтінішті (шағымды) қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Алушыға шағымды қарау нәтижелері жазбаша түрде поштамен хабарланады.

Алушылар порталы арқылы электронды сұрауды жібергеннен кейін «жеке кабинетінен» жүгініс туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда (жеткізу, тіркеу, орындау, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап туралы белгі) жүгіністі өңдеу барысында жаңартылып отырады.

26. Алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша және уәкілетті органдардың интернет-ресурстарынан, сондай-ақ call–орталығының телефон нөмірінен (1414) алуға болады.

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына 1-қосымша

| Р/с № | Атауы | Орналасқан мекенжайы | Жұмыс кестесі | Кіріс құжаттар қабылдау кестесі | Телефон нөмірі | Басшының телефон нөмірі | Электронды поштасының мекенжайы | Веб-сайт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7172) 55-69-22 | Қабылдау бөлімі 8 (7172) 55-68-97 | y.kabdi№ov@upp.asta№a.kz | www.upp-asta№ |
| 2. | «Павлодар облысының Кәсіпкерлік және | | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға | 8 (7182) 32-30-43, 32-27- | Қабылдау бөлімі 8 ( | | www.upp.pavlo |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | өнеркәсіп басқармасы» ММ | Павлодар қ., Ленин к-сі, 61 | дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 52, 32-04-20 | 7182) 32-00-83 | ke№se.dpp@ pavlodar.gov.kz | |
| 3. | «Батыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Орал қ., Х. Чурин к-сі, 116 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7112) 50-34-19 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7112) 50-80-09 | prom-otdel@mail.ru | busi№ess.bko.k |
| 4. | «Қостанай облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Қостанай қ., Баймағамбетов к-сі, 195 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7142) 53-45-94 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7142) 575-240 | dpp@kosta№ay.kz | www.dpp.kosta |
| 5. | «Оңтүстік Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Шымкент қ., Қазыбек би к-сі, 5 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7252) 39-11-46 , 39-11-57 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7252) 53-49-40 | oppuko@mail.ru | uppuko.ce№ter |
| | «Шығыс Қазақстан | | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Өскемен қ., М. Горький к-сі, 40 | үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7232) 26-53-62, 57-83-44 | Қабылдау бөлімі 8 (7232) 26-38-71 | obr_prom2@ predprom.vko.gov.kz | www.predprom |
| 7. | «Ақмола облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Көкшетау қ., Әуелбеков к-сі, 179а | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7162) 76-29-56 | Қабылдау бөлімі 8 (7232) 76-29-42 | depprom@bk.ru | upp.akmol.kz |
| 8. | «Ақтөбе облысының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ | Ақтөбе, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7132) 54-48-01 | Қабылдау бөлімі 8 (7132) 54-59-25 | | energy.akto.kz |
| 9. | «Қарағанды облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Қарағанды қ., Әліханов к-сі, 13 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7212) 42-57-60 | Қабылдау бөлімі 8 (7132) 41-27-91, 42-45-05 | oblupp@mail.ru, nedra_2010@mail.ru | www.uppkrg.kz |
| | | | күн сайын сағат 9.00- | күн сайын сағат 9.00- | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. | «Қызылорда облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Қызылорда қ., Абай к-сі, 27 | ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7242) 23-48-11 | 8 (7242) 23-41-66 | dpp_korda@mail.ru | www.e-kyzylor |
| 11. | «Маңғыстау облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Ақтау қ., 14 шағын аудан, 1 үй | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7292) 313597 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7292) 314537 | mangprom@mail.ru | |
| 12. | «Солтүстік Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 58 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | +7 7152 36-05-49 | +7 7152 360402 | dpp@sko.kz | dpp.sko.kz |
| 13. | «Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ | Алматы қ., Республика ал., 4 | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және | күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және | 8 (7272) 716588, 720026, 721006, 720260 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7272) 716554 | | www.almaty.kz |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мереке күндерді қоспағанда | мереке күндерді қоспағанда | | | gz@e-e.kz | |
| 14. | «Алматы облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7282) 272108, 272645 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7282) 272549 | torgovlya_dpp@mail.ru | upp.zhetysu-go |
| 15. | «Жамбыл облысы әкімшілігінің Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Тараз қ., Төле би к-сі, 35 | күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7262) 437259, 579258 | Қабылдау бөлімі 8 ( 7262) 579273 | akim_dpp@mail.ru | www.business- |
| 16. | «Атырау облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ | Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77 | күн сайын сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | күн сайын сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерді қоспағанда | 8 (7122) 354510 | 8 (7122) 35-45-75 | k-akmalieva@rambler.ru, meirim_85@mail.ru | www.atyrau.go |

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру»

мемлекеттік қызметінің стандартына
2-қосымша

## Заңды тұлғаға лицензия беру үшін өтініш нысаны

______________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы)

## ӨТІНІШ

______________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді сұраймын.

Мекенжайы ____________________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №,

______________________________________________________________________

телефон, факс, e-mail)

Есеп шоты ____________________________________________________________

(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдары (өкілдіктері, объектілер, пункттер, учаскелер)

______________________________________________________________________

(орналасқан жері

______________________________________________________________________

және деректемелері)

Ұсынылатын құжаттар:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Басшы ____________________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөрдің орны

Өтініш 20__ жылғы ____________________________________ қарауға қабылданды

______________________________________________________________________

(лицензиялау органының жауапты адамының қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
3-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (материалдар мен құжаттар)*

| | |
|---|---|
| Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | |
| № | Біліктілік талаптары |
| 1. | мыналарды:<br>оттегі және пропаны бар баллондарды сақтауға арналған орынды;<br>қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын және қорытпаларды топтары, түрлері, маркалары мен сұрыптары бойынша бөліп сақтауға арналған контейнерлерді немесе алаңдарды;<br>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға және қайта өңдеуге арналған жабық үй-жайды не асфальтталған немесе қатты жамылғылы орынды;<br>сынықтар мен қалдықтарды сұрыптауға, кесуге және пакеттеуге арналған жабдығы мен құралдары бар арнайы алаңдарды немесе өндірістік үй-жайларды;<br>өрт сөндіру құралдарымен жарақтандырылған түсті және қара металдардың жарылу қаупі бар сынықтарына арналған қойманы;<br>жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайды;<br>белгіленген тәртіппен тіркелген кемінде 50 %-ы электромагниттік шайбалармен не грейферлік қапсырулармен жарақталуы тиіс жүк көтергіштігі кемінде 5 тонна стационарлық немесе ұтқыр жеке меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздегі жүк көтергіш жабдықты;<br>қара металдардың сынығын отпен кесуге арналған жабдықты, оның ішінде қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды;<br>қара металдардың жеңіл салмақты сынығын пакеттеуге арналған престерді, гидроқайшыларды, жоңқаны сұрыптауға және ұсақтауға арналған қондырғыларды;<br>олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдарын (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдарын);<br>салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары радиациясының деңгейін өлшеуге арналған дозиметрлік немесе радиометрлік жабдықты қамтитын мамандандырылған жеке меншік құқығындағы қоршалған өндірістік база |
| 2. | қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін жеке меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі (жүк) автокөлік |
| 3. | мынадай мөлшерлерде:<br>түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 400 ш.м.;<br>қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 1000 ш.м.;<br>автокөлік үшін кіреберіс жолдары бар және/немесе кіреберіс темір жол тұйықтары бар жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы жер учаскесі не оның үлесі |
| 4. | заңды тұлғаның басшысы бекіткен түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі нұсқаулық |
| | |

| | |
|---|---|
| 5. | пайдаланылатын жабдықпен жұмыс істеу үшін арнайы даярлықтан өткен білікті персонал (краншылар, престеушілер, газбен кесушілер, пиротехниктер, дозиметршілер) |
| 1-тармақта көрсетілген талаптар түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын филиалды ашқан жағдайда да қойылады. | |
| Мамандандырылған өндірістік базадан өзге жерде аумақтық орналасқан жеке меншік немесе жалға алу құқығындағы, қоршалған және санитариялық-эпидемиологиялық, өрт, экологиялық, өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін қабылдау пунктін ашқан жағдайда мыналардың болуы талап етіледі: | |
| № | Біліктілік талаптары |
| 1. | қолма-қол ақшамен жұмысқа ыңғайланған (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальдық жады бар бақылау-кассалық аппарат) үй-жай |
| 2. | олардың салыстырып тексерілгені туралы сертификаты бар өлшем құралдары (автомобиль немесе темір жол таразыларын және басқа да өлшем құралдары) |
| 3. | қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілілігі, лицензия нөмірі, жұмыс режимі көрсетілген маңдайша |
| 4. | кемінде 200 ш.м алаң |

* Барлық берілетін құжаттар көшірмелер түрінде беріледі және заңды тұлғалар үшін мөрмен және мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті алушының қолымен куәландырылады.

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі бойынша қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телқұжаттарын беру» мемлекеттік қызметінің стандартына
4-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы ( үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

## «Химиялық өнімді тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.06.2013 № 580 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган), сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб–порталы www.e.gov.kz немесе «Е лицензиялау» www.elicense.kz веб–порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 9) тармақшасына, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 және 15-2-тармақтарына, «Химиялық өнімді тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 572 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:
1) уәкілетті органның: www.comprom.kz интернет-ресурсында;
2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.mint.gov.kz интернет-ресурсында;
3) ресми ақпарат көздерінде, уәкілетті органның ғимаратында орналасқан стенділерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда;
4) порталда орналастырылады.

5. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі химиялық өнімді тіркеу туралы куәлікті (бұдан әрі – куәлік) қағаз тасығышта беру не уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Алушы уәкілетті органға куәлікті қағаз тасығыштағы алу үшін жүгінген жағдайда, куәлік электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен расталады және уәкілетті органның басшысы қол қояды.

6. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері – бес жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);
2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;
3) алушы жүгінген күні қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:
1) уәкілетті органда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліс. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз;
2) порталда – тәулік бойы кезек тәртібінде көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет:
1) дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қолжетімділігі үшін жағдайлар көзделген өтініш берушінің таңдауы бойынша уәкілетті органның ғимаратында.

Ғимаратта құқық тәртібін қолдау үшін тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы дабылдар және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

Ғимарат дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін арналған пандус арқылы кіру және құжаттардың үлгілері бар ақпараттық стендтермен жабдықталған.

2) порталда – алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы мынадай құжаттарды тапсырады:

1. Уәкілетті органда:

1) тіркеу үшін:

осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша химиялық өнімді тіркеуге арналған өтініш;

жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

химиялық өнімнің қауіпсіздігі паспорты;

2) химиялық өнімді қайта тіркеу үшін:

осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша химиялық өнімді қайта тіркеуге арналған өтініш;

жеке тұлғалар үшін жеке басты куәландыратын құжат;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

химиялық өнімнің қауіпсіздігі паспорты;

химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік.

Уәкілетті орган мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжаттар нысанында, ал химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік және қауіпсіздік паспортын мәліметтер нысанынан алады.

2. Порталда:

1) тіркеу үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес деректері бар алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты;

2) қайта тіркеу және жаңа куәлікті алу үшін:

осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес деректері бар алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты;

химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын жеке басты куәландыратын

құжаттар туралы мәліметтерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы, уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында, ал химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік және химиялық қауіпсіздігі өнімнің паспортын мәліметтер нысанынан алады.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпарат және оны алу алу үшін қажетті құжаттар туралы ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері http://www.comprom.kz интернет-ресурсында және уәкілетті органның үй-жайында орналасқан арнайы ақпараттық стенділерде орналасады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанында сұрау толтырылады.

13. Құжаттарды қабылдау 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 бөлме мекенжайы бойынша уәкілетті органның кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Веб-порталға жүгінген кезде электронды сұрауды жіберу мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Сұрау автоматты түрде таңдалған қызметке сәйкес мемлекеттік органға – адресатқа жіберіледі.

14. Уәкілетті органның кеңсесі арқылы құжаттарды қабылдаған кезде алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат мыналарды көрсете отырып беріледі:

1) өтінішті қабылдаған күні және нөмірі;

2) сұратылған мемлекеттік қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

4) мемлекеттік қызметті алу күні (уақыты) және құжаттарды беру орны;

5) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты;

6) мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде порталдағы «жеке кабинетке» мемлекеттік қызмет нәтижелерін алушы алған күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрауды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жібереді.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі алушыға:

1) уәкілетті органда – сенімхат бойынша алушының немесе өкілдің жеке келуі арқылы қолма-қол;

2) порталда – алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына химиялық өнімнің сәйкессіздігі;

2) химиялық өнім қауіпсіздігінің паспортында толық емес ақпаратты ұсыну;

3) химиялық өнім қауіпсіздігінің паспортында химиялық өнім туралы дұрыс емес мәліметтерді беру;

4) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес негіздемелердің болуы:

сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сұрау салу жіберген тұлғаның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және кімнің иелігінде екені оған белгісіз болса;

сұрау салу мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы тұлғаның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау мүмкін болмаса;

электрондық ақпараттық ресурсты сұратушы тұлға сұрау салуды орындау шығыстарын төлемесе, егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе;

сұрау салу «Ақпараттандыру туралы» Заңның 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе:

ақпаратты сұратқан тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты;

заңды тұлға атынан сұрау салумен жүгінген кезде - заңды тұлғаның толық атауы, сауалмен жүгінген тұлғаның лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты;

сұрау салу жүгінген адамның байланыс деректері (почталық мекенжайы немесе электрондық почта мекенжайы не телефонның немесе телефакстің нөмірі), олар арқылы ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе оны иеленушісі электрондық ақпараттық ресурстарды беруі немесе ақпаратты сұратқан тұлғамен байланысуы мүмкін;

сұратылған электрондық ақпараттық ресурстың мазмұны, құжаттың атауы мен мазмұны немесе оған белгілі құжаттың деректемелері.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алушы электрондық құжат нысанында «жеке кабинетінде» алады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитет қызметі өтініш берушіге қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) алушылармен жұмыс жасау кезіндегі сыпайылық;

4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;

5) өтініштерді қарау кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;

6) алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
7) алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және құпиялылық.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Алушыға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыс нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға жәрдем көрсету уәкілетті органның кеңсесінде мына мекенжайы бойынша: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 бөлме, қабылдау телефоны: 8 (7172) 29-90-73 (электрондық поштаның мекенжайы: kpmint1711@comprom.kz) жүзеге асырылады.
Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Министрлікке беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2602 бөлме, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 24-22-09, 29-90-05 (электрондық поштаның мекенжайы: kpmint1711@comprom.kz).
22. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде дұрыс қызмет көрсетілмеуіне шағымдану:
1) уәкілетті органға мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 бөлме, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73 (электрондық пошта мекенжайы: kpmint1711@comprom.kz);
2) порталда call-орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша өтініш беру арқылы жіберіледі.
23. Мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.
24. Құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға шағым жазылуы тиіс.
Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған

кезде), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға алушы қол қоюы тиіс. Шағымды беру кезінде субъектінің немесе әрекетіне шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі, аты-жөні, шағымдану себептері мен талаптары көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімде қаралады.

Алушыға өтініштің (шағымның) қабылданған күні және уақыты, қабылданған адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Шағымның қаралу нәтижесі туралы алушыға пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

Электрондық шағымды портал арқылы «жеке кабинеттен» жібергеннен кейін алушыға шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол мемлекеттік органда өтінішті өңдеу кезінде жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау, қарау туралы белгі болады және бас тарту туралы жауап).

26. Мемлекеттік қызметті алушының қосымша ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсынан www.comprom.kz алуына болады.

«Химиялық өнімдерді тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

__________________________________________________________
(уәкілетті органның толық атауы)

__________________________________________________________
(мемлекеттік қызмет алушының толық атауы)

Мекенжайы ____________________________________________________
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон)

Алушының деректемелері __________________________________________________
(ЗТ/ЖК мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, № БСН, ЖСН)

## Химиялық өнімді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті алу үшін ӨТІНІШ

«Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 2 шілдедегі № 302 Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 572 қаулысымен бекітілген Химиялық өнімді тіркеу және есепке алу ережесіне сәйкес химиялық өнімді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік беруді сұраймыз.

Басшы ___________________ _________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

«Химиялық өнімдерді тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Алдыңғы жылдағы мақсаттық көрсеткіш мәні | Есептік жылд көрсеткіштің ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылығы | | | |
| 1.1. құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметтерді көрсету жағдайлары % (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапа | | | |
| 2.1. қызметті көрсету үдерісі қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қолжетімділігі | | | |
| 3.1. Қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратпен және сапасымен қанағаттандырылған тұтынушылардың % ( үлесі) | 100 | | |
| 3.2. электронды түрдегі қолжетімді ақпарат қызметі % ( үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Осы шағымданудың қолда бар тәртібіне қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Қызмет көрсетуші қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

## «Бағалы металдармен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен және олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда операцияларды жүзеге асырушы заңды тұлғалар мен жеке

**кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру»**
**мемлекеттік қызметінің стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Бағалы металдармен, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі - Өнеркәсіп комитеті) көрсетеді.

Өнеркәсіп комитетінің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Белорус Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімін орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 120 Жарлығына, « Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидасын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 924 Қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар, сондай-ақ олардың үлгілері туралы толық ақпарат Өнеркәсіп комитетінің интернет-ресурсында: www.comprom.kz орналасады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – бағалы металдармен, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру (бұдан әрі - анықтама), не бас тарту себептері туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі алушыдан құжаттарды қабылдаған күннен бастап - 7 жұмыс күні.

Құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

Құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 15 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өнеркәсіп комитетінде мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет «Транспорт Тауэр» ғимаратында көрсетіледі. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру жеке есігімен рұқсат беру бюросында берілетін бір реттік рұқсатнама арқылы жүзеге асырылады. Ғимаратта құқық тәртібін қолдау үшін тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы сигнализациялары және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Ғимарат:

1) физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар есікпен;

2) ішінде ақпараттық стенділермен жабдықталған.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы:

1) тауардың атауын, оның өлшем бірліктеріндегі саны көрсетілген тапсырыс-хатты;

2) алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесін;

3) заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсынады;

5) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері

үшін – жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарт көшірмесін ұсынады. Бұл ретте мұндай құжатқа өзгеріс пен толықтыру енгізілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай құжаттың көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;

6) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқығы бар басқа ұйымдар үшін - әкетілетін шикізат тауарларына меншік құқығын растайтын құжат;

7) сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Тапсырыс-хат еркін түрде беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды Өнеркәсіп комитетінің кеңсесі мына мекенжайда қабылдайды: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

14. Тапсырыс-хатты қабылдауды растау, тіркеу күні мен нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесінде Өнеркәсіп комитетінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

15. Анықтаманы беру мемлекеттік қызметті алушының (бұдан әрі - алушы) немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілінің жеке келуі жағдайында мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, Өнеркәсіп комитеті, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

16. Осы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың пакетін толық бермеген жағдайда уәкілетті орган алушыға анықтама беруден дәлелді бас тарту ұсынады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс қағидаттары:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) сыпайылық;

4) түпкілікті және толық ақпаратты беру;

5) ақпаратты қорғау және оның құпиялығы;

6) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Өнеркәсіп комитетінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде Өнеркәсіп комитеті қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1804 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-28-42 түсіндіріледі.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым Өнеркәсіп комитеті төрағасының атына беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым еркін нысанда жазылады. Қажет болған жағдайда шағымға алушы сілтеме жасайтын мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

25. Шағымды қабылдау кезінде алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр

даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

26. Алушылар үшін қосымша пайдалы ақпаратты мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73, Комитеттің интернет-ресурсынан: www.comprom.kz, сондай-ақ call–орталығының телефон нөмірінен (1414) алуға болады.

«Бағалы металдармен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен және олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда операцияларды жүзеге асырушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметінің стандартына қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет мына мекенжайда көрсетіледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Белорусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімін орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 120 Жарлығына, Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидасын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 924 Қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар, сондай-ақ олардың үлгілері туралы толық ақпарат Өнеркәсіп комитетінің интернет-ресурсында: www.comprom.kz орналасады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – Қазақстан

Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру (бұдан әрі - қорытынды), не беруден бас тартуы себептері туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 7 жұмыс күнінде, осы стандарттың 11–тармағында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап.

Құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

Құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 15 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өнеркәсіп комитетінде мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет «Транспорт Тауэр» ғимаратында көрсетіледі. Үй-жай тәртібі: ғимаратқа кіру жеке есігімен рұқсат беру бюросында берілетін бір реттік рұқсатнама арқылы жүзеге асырылады. Ғимаратта құқық тәртібін қолдау үшін тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы сигнализациялары және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Ғимарат:

1) физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар есікпен;

2) ішінде ақпараттық стенділермен жабдықталған.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы:

1) тауардың атауын, оның өлшем бірліктеріндегі саны көрсетілген тапсырыс-хатты;

2) алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесін;

3) заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа

енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік ( есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсынады;

5) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін – жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарт көшірмесін ұсынады. Бұл ретте мұндай құжатқа өзгеріс пен толықтыру енгізілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай құжаттың көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;

6) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқығы бар басқа ұйымдар үшін - әкетілетін шикізат тауарларына меншік құқығын растайтын құжат;

7) сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Тапсырыс-хат еркін түрде беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды Өнеркәсіп комитетінің кеңсесі мына мекенжайда қабылдайды: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

14. Тапсырыс-хатты қабылдауды растау, тіркеу күні мен нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесінде Өнеркәсіп комитетінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

15. Қорытындыны беру мемлекеттік қызметті алушының (бұдан әрі - алушы) немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілінің жеке келуі жағдайында мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, Өнеркәсіп комитеті, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

16. Осы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың пакетін толық бермеген жағдайда уәкілетті орган алушыға қорытынды беруден дәлелді бас тарту ұсынады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде Өнеркәсіп комитеті қағидаттарды басшылыққа алады:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) сыпайылық;

4) түпкілікті және толық ақпаратты беру;

5) ақпаратты қорғау және оның құпиялығы;

6) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Өнеркәсіп комитетінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде Өнеркәсіп комитеті қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1804 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-28-42 түсіндіріледі.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым Өнеркәсіп комитеті төрағасының атына беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.

Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым еркін нысанда жазылады. Қажет болған жағдайда шағымға алушы

сілтеме жасайтын мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

25. Шағымды қабылдау кезінде алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14 -07, факс: 24-47-94.

«Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасындағы шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мен экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасындағы шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мен экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі - Өнеркәсіп комитеті) көрсетеді.

Өнеркәсіп комитетінің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауар» ғимараты.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Белорус Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімін орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 120 Жарлығына, Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидасын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 924 Қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар, сондай-ақ олардың үлгілері туралы толық ақпарат Өнеркәсіп комитетінің интернет-ресурсында: www.comprom.kz орналасады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – Қазақстан

Республикасындағы шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мен экономикалық орындылығы ( орынсыздығы) туралы қорытынды беру (бұдан әрі - қорытынды), не беруден бас тартуы себептері туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 7 жұмыс күнінде, осы стандарттың 11–тармағында айқындалған қажетті құжаттарды алушы тапсырған күнінен бастап.

Құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

Құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты - 15 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өнеркәсіп комитетінде мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет «Транспорт Тауэр» ғимаратында көрсетіледі. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру жеке есігімен рұқсат беру бюросында берілетін бір реттік рұқсатнама арқылы жүзеге асырылады. Ғимаратта құқық тәртібін қолдау үшін тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы сигнализациялары және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Ғимарат:

1) физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар есікпен;

2) ішінде ақпараттық стенділермен жабдықталған.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы:

1) тауардың атауын, оның өлшем бірліктеріндегі саны көрсетілген тапсырыс-хатты;

2) алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесін;

3) заңды тұлға үшін – алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа

енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

4) дара кәсіпкер үшін – алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсынады;

5) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін – жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарт көшірмесін ұсынады. Бұл ретте мұндай құжатқа өзгеріс пен толықтыру енгізілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай құжаттың көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;

6) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқығы бар басқа ұйымдар үшін - әкетілетін шикізат тауарларына меншік құқығын растайтын құжат;

7) сыртқы сауда шартының (келісімшартының) көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Тапсырыс-хат еркін түрде беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды Өнеркәсіп комитетінің кеңсесі мына мекенжайда қабылдайды: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

14. Тапсырыс-хатты қабылдауды растау, тіркеу күні мен нөмірін көрсете отырып, оның көшірмесінде Өнеркәсіп комитетінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

15. Қорытындыны беру мемлекеттік қызметті алушының (бұдан әрі - алушы) немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілінің жеке келуі жағдайында мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, Өнеркәсіп комитеті, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07, факс: 24-47-94.

16. Осы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың пакетін толық бермеген жағдайда уәкілетті орган алушыға қорытынды беруден дәлелді бас тарту ұсынады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде Өнеркәсіп комитеті қағидаттары басшылыққа алады:
1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;
3) сыпайылық;
4) түпкілікті және толық ақпаратты беру;
5) ақпаратты қорғау және оның құпиялығы;
6) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Өнеркәсіп комитетінің жұмыс нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
19. Өнеркәсіп комитетінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20.Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде Өнеркәсіп комитеті қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 1804 кабинетте, тел.: 8 (7172) 24-28-42 түсіндіріледі.
21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, № 1706 кабинет.
Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.
22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым Өнеркәсіп комитеті төрағасының атына беріледі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1706 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 29-90-73.
Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.
23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.
24. Шағым еркін нысанда жазылады. Қажет болған жағдайда шағымға алушы

сілтеме жасайтын мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

25. Шағымды қабылдау кезінде алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 1711 кабинет, тел: 8 (7172) 24-14-07 , факс: 24-47-94.

«Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикізат тауарлары үшін Қазақстан Республикасының аумағында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мен экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі) | 100 | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 100 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК